

"Қос-қорған" жалпы орта мектебі

Тарих-география бірлестігі

Хаттама №1

Қатысқандар:

Мерзімі: 24.08.2022 жыл

"Қос-қорған" жалпы орта мектебі мұғалімдері - 4 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылына талдау жасау.
2. Бірлестік жетекшісі мен хатшысын сайлау.
3. 2022-2023 оқу жылына сағат жүктемелерін бөлу.
4. ҰБТ қорытындыларын талдау.
5. 2022-2023 оқу жылында атқарылатын бірлестік жұмыстарын жоспарлау.

Қаралды:


1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тарих пәні мұғалімі А.Басанов сөзге шығып, өткен оқу жылына талдау жасады. Өз сөзінде ол атқарылған жұмыстардың барлығын бағалап, қорытындылай келе бірлестік мұғалімдері үшін өткен оқу жылы жетістікке толы жыл болғандығына тоқталып кетті.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөзге география пәні мұғалімі Х.Досанова шығып бірлестік жетекшілігіне А.Басановты, хатшылығына Г.Асетованы ұсынды. Ұсыныстар бір ауыздан қолдау тапты.
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөзге А.Басанов шығып, мектеп бойынша жалпы тарих-география пәндері бойынша берілген сағаттарды айтып, соларға тоқталып өтті және оны дұрыс бөлуді ұсынды.
4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі А.Басанов сөзге шығып, ҰБТ қорытындысы бойынша мектептің оқушылары Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, география пәндері бойынша жақсы нәтижелерді көрсеткендіктерін және олардың нәтижелері қанағаттанарлы болғандықтарын айтып, жеткізді.
5. Бесінші мәселе бойынша сөзге А.Басанов шығып, 2022-2023 оқу жылының жоспарының жобасын жасағандығын айтып, оның негізгі пунктерін мұғалімдерге таныстырды.

Шешім:

1. 2021-2022 оқу жылы бойынша жасалған талдау қанағаттанарлы деп табылсын.
2. Бірлестік жетекшісі болып А.Басанов, хатшысы болып Г.Асетова тағайындалсын.
3. Бірлестікте Х.Досановаға география пәнінен 18 сағат (7-11 сыныптар), А.Басановқа Қазақстан тарихы пәнінен 8 сағат (5,10-сыныптар), дүниежүзі тарихы пәнінен 5 сағат (5,10-сыныптар), құқық негіздері сабағынан 5 сағат (9б,10,11-сыныптар),

жалпы 18 сағат, Г.Асетоваға Қазақстан тарихы пәнінен 10 сағат (7а,9,11-сыныптар), Дүниежүзі тарихы пәнінен 6 сағат (7а,9,11-сыныптар), жалпы 16 сағат, С.Абдукаримовқа Қазақстан тарихы пәнінен 10 сағат (6,7б,8-сыныптар), дүниежүзі тарихы пәнінен 5 сағат (6,7б,8-сыныптар), құқық негіздері пәнінен 1 сағат (9а-сынып) жалпы 16 сағат жүктетілсін.

4. ҰБТ қорытындылары қанағаттанарлы деп табылсын.
5. 2022-2023 оқу жылына жасалған жоспар қанағаттанарлы деп табылсын.

Бірлестік жетекшісі:  А.Басанов

Хатшы:  Г.Асетова

"Қос-қорған" жалпы орта мектебі

Тарих-география бірлестігі

Хаттама №2

Қатысқандар:

Мерзімі: 04.11.2022 жыл

"Қос-қорған" жалпы орта мектебі мұғалімдері - 4 мұғалім

Күн тәртібінде:


1. I тоқсан қорытындысы.
2. Пәндер бойынша оқушыларды оқулықтармен, көрнекіліктермен, керекті инвентарлармен қамтамасыз етуді қарастыру.
3. Мектепішілік олимпиада нәтижелерін талдау.
4. Жаңартылған бағдарлама бойынша бағалау тәсілдерін талқылау.
5. Әр түрлі мәселелер.

Қаралды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі А.Басанов сөзге шығып, I тоқсан нәтижелеріне талдау жасады. Өз сөзінде I тоқсан барысында мектеп бойынша оқушыларыдың үлгерімі Қазақстан тарихы пәнінен 3,8 ұпай, білім сапасы 55 пайыз болғанын, дүниежүзі тарихы пәнінен 3,7 ұпай үлгерімі, 50 пайыз білім сапасы, география пәнінен үлгерімі 3,8 ұпай, білімі сапасы 58 пайыз болғанын айтып жеткізді және I тоқсан үшін бұл көрсеткіштер қанағаттанарлы екенін айта кетті.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөзге тарих пәні мұғалімі С.Абдукаримов шығып 5-9 сынып оқушылары керекті инвентармен және оқулықпен дерлік толық, яғни 85-90 пайызға қамтылғанын айтты, алайда 9-10 сынып оқушыларында оқулық мәселесі толық еместігін ескертті. Осы мәселеменен шұғылдануды ұсынды.
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөзге А.Басанов шығып, мектепішілік оқушылардың пән олимпиадасының қорытындысы бойынша мектептің 10а-сынып оқушысы Қ.Сунатуллаев география пәнінен, 9б-сынып оқушысы Н.Жаппарова, 10б-сынып оқушысы Р.Маматаминов пен 11а-сынып оқушысы Н.Османовтар Қазақстан тарихы пәнінен, 9а-сынып оқушысы З.Мирзахметова, 10б-сынып оқушысы Б.Орынбаев, 11б-сынып оқушысы Н.Турсинбаевтар Құқық негіздері пәнінен олимпиада жеңімпаздары атанғанын және аудандық олимпиадаға жолдама алғанын жеткізді.
4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша тарих пәні мұғалімі Г.Асетова сөзге шығып, жаңартылған бағдарлама бойынша бағалау тәсілдері туралы қысқаша баяндама жасады.
5. Бесінші мәселе бойынша сөзге А.Басанов шығып, 2022-2023 оқу жылының мектепішілік жоспарына сәйкес желтоқсан айының 2-12 жұлдызы күндері мектепте тарих-география пәндерінің онкүндігі өтетінін мәлімдеді. Бірлестік мұғалімдеріне осы шараға дайындалып жүргендері дұрыс болатынын жеткізді.

Шешім:

1. I тоқсан қорытындылары бойынша жасалған талдау қанағаттанарлы деп табылсын.
2. Жоғары сынып оқушыларын оқулықпен қамту жұмыстары жүргізілсін. Мектеп кітапханашысымен байланыс орнатылсын. Осы бағыт бойынша жұмыстар бірлестік мұғалімі С.Абдукаримовқа жүктетілсін.
3. Мектеп оқушыларының қалалық олимпиадаға қатысуын қадағалау бірлестік жетекшісі А.Басановқа жүктетілсін. Оқушыларды олимпиадаға дайындау пән мұғалімдеріне міндеттелсін.
4. Жаңартылған бағдарлама бойынша бағалау жұмыстарының дұрыс жүргізілуін қадағалау тарих пәні мұғалімі Г.Асетоваға жүктетілсін.
5. Тарих-география пәндерінің онкүндігін өткізу жоспарын жасау бірлестік жетекшісі А.Басановқа жүктетілсін.

Бірлестік жетекшісі:  А.Басанов

Хатшы:  Г.Асетова

"Қос-қорған" жалпы орта мектебі

Тарих-география бірлестігі

Хаттама №3

Қатысқандар:

"Қос-қорған" жалпы орта мектебі мұғалімдері - 4 мұғалім

Мерзімі: 06.01.2023 жыл

Күн тәртібінде:

1. I жартыжылдық қорытындысы.
2. II жартыжылдыққа дайындық жұмыстарын талқылау.
3. Мектепішілік педоку нәтижелерін талдау.
4. I жартыжылдық бойынша ҰБТ нәтижелерін қорытындылау.
5. Әр түрлі мәселелер.


Қаралды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі А.Басанов сөзге шығып, I жартыжылдық нәтижелеріне талдау жасады. Өз сөзінде I жартыжылдық қорытындысы бойынша мектеп оқушыларының үлгерімі Қазақстан тарихы пәнінен 3,9 ұпай, білім сапасы 65 пайыз болғанын, дүниежүзі тарихы пәнінен 3,8 ұпай үлгерімі, 62 пайыз білім сапасы, география пәнінен үлгерімі 3,8 ұпай, білімі сапасы 57 пайыз болғанын айтып жеткізді және I жартыжылдық нәтижелеріне қанағаттанарлы деп баға берді.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөзге бірлестік жетекшісі А.Басанов шығып, өз сөзінде II жартыжылдықты бастамас бұрын барлық бірлестік мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын дайындап, бекітіп қоюлары керектігін және II жартыжылдық барысында I жартыжылдықтағы көрсеткіштерді тағы да жоғарылату керектігіне тоқталып өтті.
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөзге А.Басанов шығып, өз сөзінде мектепішілік қаңтар педокуларына бірлестіктен жалпы 5 мұғалім қатысқандығын мәлімдеді. Мұнда А.Басанов, Г.Асетова, И.Исраиловалар тарих пәні бойынша, Х.Досанова мен С.Абдукаримовтар география пәні бойынша баяндама оқығандары айтты. Педоку нәтижесі бойынша А.Басановтың баяндамасы үздік шығып, жеңіске жеткендігін баяндады.
4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша тарих пәні мұғалімі Г.Асетова сөзге шығып, I жартыжылдық қорытындысы бойынша ҰБТ-ға мектепте 11-сыныптың 14 оқушысы дайындалып жүргенін жеткізді. Оқушылардың тарих, дүниежүзі тарихы және география пәндері бойынша жинап жүрген ұпайлары әзірге төмендеу екендігін мәлімдеді. Сол себепті әлі де жүргізетін жұмыс көптігі мен оқушылардың ұпайларын жоғарылату керектігіне тоқталып өтті.
5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша сөзге Х.Досанова шығып алда келе жатқан пән олимпиадасына оқушыларды тиянақты дайындау керектігін айтты. Сол

себепті оқушыларға қосымша сабақтар жүргізудің маңызы өте үлкен екендігіне тоқталып кетті.

Шешім:

1. I жартыжылдық қорытындылары бойынша жасалған талдау қанағаттанарлы деп табылсын.
2. II жартыжылдықта оқушылардың білім сапасы мен үлгерімін жоғарылату бойынша жұмыстар жүргізу бірлестік мұғалімдеріне жүктетілсін.
3. Аудандық педоқуға тарих пәні бойынша А.Басанов баяндама дайындап, қатыссын.
4. II жартыжылдық барысында оқушылардың ҰБТ нәтижелерін жоғарылату мақсатында Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, география пәндерінен қосымша сабақтар жүргізілсін. Сабақтарды жүргізу тарих пәні мұғалімі Г.Асетова мен география пәні мұғалімі Х.Досановаларға жүктетілсін.
5. Пән олимпиадасына дайындық жұмыстары күшейтілсін.

Бірлестік жетекшісі:  А.Басанов

Хатшы:  Г.Асетова

"Қос-қорған" жалпы орта мектебі

Тарих-география бірлестігі

Хаттама №4

Қатысқандар:

Мерзімі: 24.03.2023 жыл

"Қос-қорған" жалпы орта мектебі мұғалімдері - 4 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. III тоқсан қорытындысы.
2. Аудандық олимпиада нәтижелерін талдау.
3. Көктемгі мерекелерге бірлестік мұғалімдердің ат салысуы.
4. Әр түрлі мәселелер.


Қаралды:


1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі А.Басанов сөзге шығып, III тоқсан нәтижелеріне талдау жасады. Өз сөзінде III тоқсан қорытындысы бойынша мектеп оқушыларының үлгерімі Қазақстан тарихы пәнінен 3,9 ұпай, білім сапасы 66 пайыз болғанын, география пәнінен үлгерімі 3,9 ұпай, білімі сапасы 62 пайыз болғанын айтып жеткізді және III тоқсан нәтижелеріне қанағаттанарлы деп баға берді.
2. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі А.Басанов сөзге шығып, ақпан айында Республикалық оқушылардың пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне тарих, география және құқық негіздері пәндерінен мектептен бес оқушы қатысқандығын жеткізді. Аудандық олимпиада Қызыл Әскер мектебінде болғанын мәлімдеді және олимпиада қорытындысы бойынша 10-сынып оқушысы Қ.Сунатуллаев география пәнінен Алғыс хатқа, 9-сынып оқушысы Н.Жаппарова тарих пәнінен I орын, 10-сынып оқушысы Р.Маматаминов тарих пәнінен III орынға, 10-сынып оқушысы Б.Орынбаев құқықтану пәнінен Алғыс хатқа, 11-сынып оқушысы Н.Турсинбаев құқықтану пәнінен II орынға ие болғанын айтты. Олимпиада нәтижелеріне жоғары баға берілді.
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі А.Басанов сөзге шығып, өз сөзінде мамыр айында айтулы мерекелер бар екендігін және осы мерекелерге орай сыныптан тыс іс-шаралар өтілуі керектігін айтты. 9-мамыр – Женіс күніне орай мектепшілік ғылыми байқау ұйымдастыруды ұсынды.
4. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша сөзге А.Басанов шығып, мамыр айында дәстүлі «Тарих ата» олимпиадалары болатынын айтты және бірлестік мұғалімдерін осы олимпиадаға қатысуға шақырды.

Шешім:

1. III тоқсан қорытындылары бойынша жасалған талдау қанағаттанарлы деп табылсын.

2. Олимпиада нәтижелері қанағаттанарлы деп табылсын және келер жылғы олимпиадаға оқушыларды дайындау жұмыстары жалғастырылсын.
3. Көктемгі мерекелерге оқушыларды дайындау және мектепшілік іс-шараларға қатысуды қадағалау Г.Асетоваға, 9-мамыр Жеңіс күніне орай мектепшілік ғылыми байқауды ұйымдастыру С.Абдукаримовқа жүктетілсін.

Бірлестік жетекшісі:  А.Басанов

Хатшы:  Г.Асетова

"Қос-қорған" жалпы орта мектебі

Тарих-география бірлестігі

Хаттама №5

Қатысқандар:

Мерзімі: 02.06.2023 жыл

"Қос-қорған" жалпы орта мектебі мұғалімдері - 4 мұғалім

Күн тәртібінде:


1. 2022-2023 оқу жылын қорытындылау.
2. ҰБТ-ның қорытынды нәтижелеріне талдау жасау.
3. Сыныптан-сыныпқа көшу және мемлекеттік емтихандарға дайындық жұмыстары.
4. Жазғы демалыс кезінде атқарылатын жұмыстар.
5. Әр түрлі мәселелер


Қаралды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі А.Басанов сөзге шығып, 2022-2023 оқу жылының нәтижелеріне талдау жасады. Өз 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп оқушыларының үлгерімі Қазақстан тарихы пәнінен 3,9 ұпай, білім сапасы 67 пайыз болғанын, география пәнінен үлгерімі 3,9 ұпай, білімі сапасы 63 пайыз болғанын айтып жеткізді және 2022-2023 оқу жылының нәтижелеріне қанағаттанарлы деп баға берді.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша пән мұғалімі Г.Асетова сөзге шығып, 11-сынып оқушылары ҰБТ-ді толық тапсырып болмағандықтарын, алайда әзірге тапсырған оқушылардың нәтижелері қанағаттанарлы дәрежеде екенін жеткізді. Тапсырған оқушылардың орташа ұпайы 11,8 ұпайды құрап тұрғанын жеткізді және де бұл нәтиже әлі де көтерілетініне сенімді екенін мәлімдеді.
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі А.Басанов сөзге шығып, өз сөзінде 2022-2023 оқу жылының аяғында 11-сынып оқушылары Қазақстан тарихы пәнінен мемлекеттік емтихан тапсыратынын мәлімдеді. Емтихан маусым айының 12-ші жұлдызы күні болатынын жеткізді. Ал сыныптаны-сыныпқа көшу емтихандары алынбайтынын айтты.
4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөзге А.Басанов шығып, жазғы демалыс кезінде тақаратын жұмыстардың жоспарын жасауды ұсынды. Жоспарда мұғалімдердің және де оқушылардың демалыс кезінде атқаратын жұмыстарын нақты белгілеу керектігін айтты.
5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша сөз кезегіне пән мұғалімі Х.Досанова шығып, өз сөзінде өткен оқу жылы бірлестік мұғалімдері үшін өте нәтижелі болғанын және пән мұғалімдері көптеген үздік нәтижелерге қол жеткізе алғандықтарын мәлімдеді және келесі оқу жылында да мұғалімдер осы нәтижелерді бұдан да жақсартуларына тілектес екенін жеткізді.

Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылының қорытындылары бойынша жасалған талдау қанағаттанарлы деп табылсын.
2. ҰБТ нәтижелері қанағаттанарлы деп табылсын және келер жылғы ҰБТ-ға оқушыларды дайындау жұмыстары жалғастырылсын.
3. Қазақстан тарихы пәнінен өткізілетін мемлекеттік емтихандардың өз деңгейінде өткізілуіне барлық пән мұғалімдері күш салыссын.
4. Жазғы демалыста атқарылатын іс-шаралар жоспары жасалынып, бекітірілсін.

Бірлестік жетекшісі:  А.Басанов

Хатшы:  Г.Асетова

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
.....*М.Изатуллаева*..... М.Изатуллаева



«Келісемін»
Оқу ісі меңгерушісі:
.....*С.Ахмедова*..... С.Ахмедова
31.08.2022

**"Қос-қорған" жалпы орта мектебі
Тарих-география пәндері бірлестігінің
2022-2023 оқу жылында атқаратын іс-шараларының
жылдық жоспары**

Дайындаған:
Тарих пәні мұғалімі
А.Басанов

Қос-қорған - 2022 жыл

Тарих-география пәндері бірлестігінің әдістемелік тақырыбы:

"Мұғалімді өз еңбегі мен іс-тәжірибесінде жаңа технология элементтерінен кең түрде пайдалануға ынталандыру, өз жұмыстарының нәтижесін ғылыми түрде дәлелдеу арқылы меңгеруге қалыптастыру"

Тарих-география пәндері бірлестігі әдістемелік жұмысының мақсаты:

"Ұстаздардың педагогикалық шеберлік деңгейін және мамандығына сәйкес ғылыми хабардарлығын, олардың сабақты жүргізу әдіскерлігін үздіксіз дамыту"

Қойылатын міндеттер:

1. Ұстаздардың педагогикалық іс-шеберлігі мен шығармашылық іс-әрекетін дамыту мақсатында атқарылатын жұмыстарына сапалы көңіл бөлу және оның рөлін арттыру.
2. Білім беру процесінде сабақтың барлық түрлерін жоғары деңгейде өтілуіне жете көңіл бөлу.
3. Жас мұғалімдердің мамандығына, оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруға ынта жігерін көтеру, кәсіптік шеберлігін жоғары деңгейге көтеруге әдістемелік-педагогикалық көмек көрсету, жетекші бекіту.
4. Шығармашылық жұмыспен айналысатын мұғалімдердің іс-тәжірибесін зерттеу, жинақтау және тарату.
5. Білім сапасын арттыруда мұғалімдерді тиісті нормативтік құжаттармен, әдістемелік көмекші құралдар туралы хабардар етіп отыру.

Тарих-география пәндері бірлестігінің 2022-2023 оқу жылында атқаратын негізгі іс-шаралары жоспары:

Жұмыстар бағыты	Нұсқаулар мақсаты	Атқарылу түрлері мен әдістері	Іс-шаралар мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауаптылар	Жүзеге асыру құжаты, жолы
1	2	3	4	5	6	7
Бірлестік кеңесінің жұмысы	Жалпы білім беру процесінің сапалығы мен нәтижелілігін көтеру, оқыту әдістері мен мазмұнының маңыздылығын көтеру жөніндегі ұсыныстарды талқылау. Пәндерді оқыту әдістерін дамыту жөніндегі ұсыныстар жасау, нұсқаулар ендіру. Озық педагогикалық іс-тәжірибелерді тарату	Бірлестік кеңесінің отырысы	Бірлестік кеңесінің отырыстарын өткізу (әр тоқсанда 1 рет): 1. 2022-2023 оқу жылында атқарылатын Бірлестік жұмысын жоспарлау және жаңартылған білім беру мазмұнын талқылау; 2. Пәндер бойынша оқушыларды оқулықтармен, көрнекіліктермен, керекті инвентарлармен камтамасыз етуді қарастыру; 3. Оқушыларға пәндер бойынша аса көп үй тапсырмасын бермеу жолдарын іздестіру; 4. Пән апталығын өткізу кезінде озық педагогикалық іс-тәжірибелерді тарату	Қыркүйек Қараша Қаңтар Наурыз	А.Басанов А.Басанов А.Басанов А.Басанов	Бірлестік кеңесі отырыстарының хаттамалары
Бірлестік мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын бекіту	Бірлестік мұғалімдерінің жартыжылдық немесе жылдық күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын жасауын және бекіттірілуін қадағалау. Күнделікті сабақ жоспарларының жазылып,		1. Тарих-география пәні мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларының дайындалуы және бекітілуі.	Қыркүйек	А.Басанов	Күнтізбелік-тақырыптық жоспар


	бекітірілуіне назар аудару					
Жыл көлемінде атқарылатын жұмыстарды жоспарлау	Мұғалімдердің оқу жылы барысында атқаратын жұмыстарын жоспарлап, Бірлестік отырысында талқылау және бекіту	Бірлестік кеңесінің отырысы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мұғалімдердің өзара сабақтарына енуі. 2. Күнделікті сабақ жопарларын жазу және бекіттіру. 3. Әр тоқсанда, әр түрлі мерекелерде ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастыру. 4. Дарынды оқушылармен жұмыс. 5. Нашар оқитын оқушылармен жұмыс. 6. Ғылыми басылымдарға мақала жариялап отыру 7. Пән апталығы немесе онкүндіктерін өткізу 8. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша ізденістер жүргізу, өзара пікір алмасу 9. Мектеп тарапынан бекітілген платформалармен жұмыс жүргізу 	<p>Жыл бойы</p> <p>Жыл бойы</p> <p>Жыл бойы</p> <p>Жыл бойы</p> <p>Жыл бойы</p> <p>Уақытысында</p> <p>Уақытысында</p> <p>Жыл бойы</p> <p>Уақытысында</p>	Пән мұғалімдері	Кесте
Факультатив және үйірме жұмыстары	Оқушылардың білім деңгейін көтеру мақсатында факультатив сабақтары мен үйірмелерді ұйымдастыру және жұмыс жүргізу		<ol style="list-style-type: none"> 1. Білім стандартындағы ақылы факультатив пен қолданбалы курстарды және оларды өтетін сыныптар мен мұғалімдерді анықтау. 2. Факультатив пен қолданбалы курс жоспарын жасау, бекіттіру, сабақ кестесімен танысу. 3. Үйірме жұмыстарына қабілетті оқушыларды баулау. 4. Пәндер бойынша тегін үйірме жұмыстарын ұйымдастыру 	<p>Қыркүйек</p> <p>Қыркүйек</p> <p>Қыркүйек</p> <p>Қазан</p>	<p>Мектеп әкімшілігі</p> <p>Пән мұғалімдері</p> <p>Пән мұғалімдері</p> <p>Пән мұғалімдері</p>	Факультатив және үйірме сабақтарының жоспарлары

Жас мамандармен жұмыс	Бірлестік құрамындағы жас мамандардың жұмыс қабілеттілігін, білім деңгейін көтеру бойынша жұмыстар жүргізу	Сабаққа ену, жол-жорық көрсету	1. Жас маман сабақтарына ену. 2. Пән бойынша оқушылар білімінің сапалылығы мен даму деңгейін бақылау және тест жұмыстарын алу. 3. Жас мамандар арасында өтетін түрлі сайыстарға дайындап, қатыстыру.	Жыл бойы Қараша Уақытысында	Пән мұғалімдері	Жоспар бойынша жұмыс, мәлімет
ҰБТ мен ОЖСБ жұмыстары	Мектеп оқушыларын ҰБТ мен ОЖСБ-ға дайындау, олардың білімдерін шыңдау	Жоспар	1. ҰБТ-ға қатысатын оқушылар тізімін анықтау. 2. ОЖСБ-ға қатысатын оқушылар тізімін анықтау 3. ҰБТ мен ОЖСБ-ға дайындық жопарларын дайындап, бекіту 4. ҰБТ-ға дайындық сабақтарының күнделікті жоспарын дайындап, бекіту. 5. ҰБТ-ға дайындық сабақтарын жүргізу. 6. ОЖСБ-ға дайындық сабақтарын жүргізу 7. Бақылау тестерінің нәтижелерін талдап, мониторингісін жасап отыру.	Қыркүйек Қыркүйек Қыркүйек Қыркүйек Жыл бойы Жыл бойы Жыл бойы	Г.Асетова Х.Досанова Г.Асетова Х.Досанова Г.Асетова Х.Досанова А.Басанов Х.Досанова Г.Асетова Г.Асетова Х.Досанова	Жоспар, қорытынды талдаулар
Олимпиада жұмыстары	Дарынды оқушылардың сабаққа болған қызығушылықтарын одан әрі дамыта отырып, пән олимпиадаларына қатыстыру	Мектепшілік, қалалық, интернет-олимпиадалар	1. Пән бойынша дарынды оқушыларды анықтау. 2. Олимпиадаға дайындау жоспарын жасап, бекіттіру. 3. Оқушыларды олимпиадаға дайындау. 4. Мектепшілік пән олимпиадасына қатыстыру. 5. Қалалық пән олимпиадасына қатыстыру.	Қыркүйек Қыркүйек Әр апта Қараша Қаңтар	Пән мұғалімдері Пән мұғалімдері Мектеп әкімшілігі	Жоспар, хаттама

			6. Қазақстан интернет олимпиадаларына қатыстыру	Уақытысында	Пән мұғалімдері	
Мектепшілік сайыстар	Оқушыларды түрлі мектепшілік сайыстарға, ойындарға қатыстыру арқылы олардың мектеп өміріне деген қызығушылығын арттыру	Мектепшілік сайыстар, байқаулар, ойындар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мұғалімдер күніне орай эссе байқауы 2. 1-желтоқсан - Президент күніне орай сурет байқауы. 3. Тәуелсіздік күніне орай тарих пәнінен интеллектуалды ойын. 4. Тәуелсіздік күніне орай патриоттық әндер байқауы. 5. Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу. 6. Ауған соғысының аяқталу мерзіміне орай дебат ұйымдастыру 7. Наурыз мерекесіне интеллектуалдық ойын өткізу. 8. 1-мамыр меркесіне орай концерттік бағдарламаға ат салысу. 9. 9-мамыр - Жеңіс күніне орай ғылыми конференция ұйымдастыру. 10. Жеңіс күніне орай эсселер байқауы. 	<p>Қыркүйек</p> <p>Қараша</p> <p>Желтоқсан</p> <p>Желтоқсан</p> <p>Ақпан</p> <p>Ақпан</p> <p>Наурыз</p> <p>Мамыр</p> <p>Мамыр</p> <p>Мамыр</p>	<p>С.Абдукаримов</p> <p>Г.Асетова</p> <p>А.Басанов</p> <p>С.Абдукаримов</p> <p>С.Абдукаримов</p> <p>Г.Асетова</p> <p>Г.Асетова</p> <p>С.Абдукаримов</p> <p>А.Басанов</p> <p>С.Абдукаримов</p> <p>Х.Досанова</p> <p>А.Басанов</p> <p>Г.Асетова</p>	Жарыс жоспарлары, мәліметтер
Мектепаралық сайыстар	Оқушылар мен мұғалімдердің мектепаралық сайыстарға қатысуын қамтамасыз ету арқылы олардың білімдерін, кәсіби шеберліктерін шыңдау	Жоспар бойынша сайыстар, байқауларға қатысу	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мұғалімдер олимпиадасына қатысу. 2. Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған сайыстарға қатысу. 3. Мұғалімдер арасында педагогикалық оқуға қатысу. 4. Қала мұғалімдерінің спартакиадасы. 	<p>Қазан</p> <p>Желтоқсан</p> <p>Қаңтар</p> <p>Наурыз</p>	<p>Пән мұғалімдері</p> <p>Пән мұғалімдері</p> <p>А.Басанов</p>	Жоспар, мәлімет, хаттамалар

			5. Айтулы даталарға орай ұйымдастырылған тарихтан сайыстарға, байқауларға қатысу.	Уақытысында	Пән мұғалімдері	
Қорытындылау жұмыстары	Оқу жылы барысында атқарылған жұмыстарды қорытындылау, емтихандар мен сынақтар кестелерін дайындау	Бірлестік отырыстары	<p>1. Тарих пәнінен қорытынды жазба жұмыстарды алу.</p> <p>2. Үлгерім бойынша үлгерім парағын жасап, салыстырып, мониторингісін жасап отыру.</p> <p>3. Тоқсан қорытындылары бойынша мектеп әкімшілігіне есеп тапсырып отыру.</p> <p>4. Сыныптан сыныпқа көшу және бітіру емтихандарының сұрақтарын дайындап, мектеп әкімшілігіне тапсыру.</p> <p>5. ҰБТ нәтижелерін қорытындылап, есеп тапсыру.</p> <p>6. I жартыжылдық және жыл қорытындысы бойынша мектеп әкімшілігіне қорытынды есеп тапсыру.</p> <p>7. Тарих және география пәндері бойынша мемлекеттік емтихандарды қабылдап, нәтижелерін қорытындылап, есеп тапсыру.</p> <p>8. Жыл көлемінде Бірлестік істеріне үздік араласып, белсенділік танытқан оқушылар мен мұғалімдерді марапаттауға ұсыну.</p>	<p>Әр тоқсан аяғында Әр тоқсан аяғында</p> <p>Әр тоқсан аяғында</p> <p>Мамыр</p> <p>Мамыр</p> <p>Мамыр</p> <p>Маусым</p> <p>Мамыр</p>	<p>Пән мұғалімдері Пән мұғалімдері</p> <p>А.Басанов</p> <p>Пән мұғалімдері</p> <p>А.Басанов Х.Досанова А.Басанов</p> <p>Пән мұғалімдері</p> <p>А.Басанов</p>	Қорытынды есептер, талдаулар, мәліметтер

Дайындаған:
Бірлестік жетекшісі:



А.Басанов